С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі**» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б. 122-124

ЖЕР САЛЫҒЫН ТӨЛЕУШІЛЕР ЖӘНЕ САЛУ ОБЬЕКТІЛЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ

Хибатдолда Н.С.

Халқымыз мемлекет басшысының осыған дейінгі әрбір жолдауында алға қойылған міндеттер нақты орындалғандықтан оның әр жылғы жаңа жолдауына үнемі үкілі үміт, сеніммен қарайды. Сондықтан бүгінгі халқымыз жер – белгілі бір өлшемдегі пайдалану мүмкіндігі орасан зор табиғи байлығы арқылы адамзат жерді пайдалану мен өзінің қажеттіліктерін қанағаттандырып келеді.

Қазақстан Республикасының кең байтақ жері бар. Мысалы 1992 жылы жер салығы туралы заң енгізілді. Жер салығын енгізу заңнамада мынадай мақсаттарды көздейді:

- экономикалық әдістермен жерді ұтымды пайдалану;
- тұлғаларды жерге орналастыру;
- жердің құнарлығын арттыру ;
- жерді қорғау жөніндегі шараларды енгізу үшін төлемдер төлеу;
- аумақтың әлеуметтік – мәдени дамуы үшін бюджет кірістерін қалыптастыру.

Жер салығы – жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган әр жылдың 1 қантарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері негізінде меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттарға сәйкес есептеледі.

Барлық жерлер салық салу мақсатында олардың арналған нысанасы мен тиеселігіне қарай мынандай санаттарға бөлінеді:

1. ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер;
2. елді мекендер жерлері;
3. өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер (өнеркәсіп жерлері);
4. ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер (ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлері);
5. орман қорының жерлері; 6. су қорларының жерлері; 3. запастағы жерлер.

Жердің белгілі бір немесе өзге санатқа жататындығы Қазақстан Республикасының жер туралы заң актілерімен белгіленеді. Елді мекендер жерлері салық салу мақсаты үшін мынандай екі топқа бөлген:

Біріншіден ,тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда елді мекендер жерлері;

Екіншіден,тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлер;

Жердің мынандай санаттарына салықтар салынады:

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, орман қорының жерлері, су қорының жерлері, запастағы жерлер.

Осы аталған жерлер (запастағы жерлерді қоспағанда) тұрақты жер пайдалануға немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалануға берілген жағдайда жер салығында белгіленген тәртіппен салық салынады.

Жер салығының мөлшері жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты болмайды. Жер салығын есептеу және Жер салығын төлеушілердеп қарастыру бойынша есептелінді.

Жер салығын есептеу үшін:

1. меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар қажет;

2. жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері көрсетіледі.

Жер салығын төлеушілер:

1) жеке меншік құқығындағы салық салу обьектілері бар жеке және заңды тұлғалар;

2) тұрақты жер пайдалану құқығындағы салық салу обьектілері бар жеке және заңды тұлғалар;

3) бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу обьектілері бар жеке және заңды тұлғалар;

4) заңды тұлғалардың жоғарыда белгіленген құқықтарда салық салынатын обьектілері бар құрылымдық бөлімшелері.

Жер салығын төлеу барлық жер иелері, жер пайдаланушылар, соның ішінде жалгерлер мен жер иелері үшін міндетті болып саналады.

Жер салығы бойынша жеңілдіктер. Жер салығы бойынша бірнеше салық жеңілдіктері берілген. Атап айтқанда:

Жер салығы жөніндегі жеңілдіктер берудің нақты мерзімі әрбір салық төлеуші бойынша келісім-шартта және тәуелді белгіленеді. Аталған жеңілдік сәйкестендіріліп берілген келісім шарт бұзылған жағдайда жер салығы осы зңда көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданыла отырып, салық төлеушінің бүкіл қызмет ету кезеңінде есептеледі және бюджетке енгізіледі.

Сондықтан салық төлеушілер жер учаскелерін пайдалануға немесе жалға берсе, онда салық төлеуден босатылмайды.

Жекеленген жағдайларда жер салығын төлеушілер болып табылады:

-жер учаскелерін иелену немесе пайдалану құқығын растайтын құжаттарда немесе келісімінде өзгеше көздемесе, пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына жер учаскесін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ меншігіндегі (пайдалануындағы) жер учаскесі бойынша осы тұлғалардың әрқайсысы;

-пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер учаскесі бойынша осы пайылық инвестициялық қордың бастаушы компаниясы жер салығы;

-Жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда, пайдаланушыны жер учаскесіне қатысты жер салығын төлеуші ретінде тану үшін осындай учаскені оның нақты иеленуі және пайдалану негізі болып табылады;

-Лизинг алушы қаржы шартына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісімен бірге қаржы лизингіне берілген жер учаскісі бойынша.

Жер салығында жер учаскесі (жер учаскесіне ортақ үлестік меншік кезінде – жер үлесі) – салық салу обьектісі ретінде қарастырылады. Оған төмендегі аталғандар салық салу объектісіне жатпайды:

1. Елде мекендердің ортақ пайдалануындағы жер учаскелері, бұған:

алаңдар, көшелер, өткелдер, жолдар, жағалаулар, парктер, скверлер, бульварлар, су қоймалар, жағажайлар, зираттар, халықтың мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылу құбырлары, тазарту құрылғылары және басқа да ортақ пайдаланылатын инденерлік жүйелер) алып жатқан және соларға арналған жерлер қаралды.

2. Ортақ пайдаланудағы мемлекттік автомобиль жолдары желісі алып жатқан жер учаскілері, мұнда:

- жер алаптары, көлік жүріп өтетін тарамдар;

- жол салымдар, жасанды құрылыстар, жол бойындағы резервтер мен өзге де жол қызметін көрсету жөніндегі құрылыстар;

- жол қызметінің қызметтік және тұрғын үй-жайлары;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған обеъектілер орналасқан жер уческелері.

4) Белгіленген тәртіппен инвестициялық жобаны іске асыру үшін иемденіп алынған және пайдаланылатын жер учаскелері.

Жекеленген жағдайларда салық салу объектісін анықтау тәртібі:

1. Темір жол көлігі ұйымдары үшін салық салу объектісіне: темір жолдар, оқшаулар белдеулері, темір жол станциялары, вакзалдар орналасқан жер учаскелерін қоса алғанда, заңдарда белгіленген тәртіппен темір жол көлігі ұйымдарының объектілеріне берілетін жер учаскелері.

2. Энергетика және электрлендіру жүйесі ұйымдар үшін салық салу объектісіне: электр беру желілері мен кіші станциялар тіректері алып жатқан жер учаскілерін қоса алғанда, баллансында электр беру желілері бар осы ұйымдарға заңдарда белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері.

3. Мұнай мен газ өндіруді, тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар: мұнай құбырлары, газ құбырлары алып жатқан жер учаскілерін қоса алғанда, баллансында мұнай құбырлары, газ құбырлары бар, осы ұйымдарға заңдарда белгеленген тәртіппен берілген жер учаскелері.

Жер салығын анықтау үшін учаскесінің алаңысалық базасы болып табылады.

Ғылыми жетекші: э. ғ. к., доцент Мүтәліпқызы .Б